

**"Тереңөзек кенті шекарасын бекіту туралы" 2008 жылғы 22 қазандағы аудан әкімдігінің N 545 Қаулысына және аудандық мәслихаттың N 104 Шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы N 524 қаулысы және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 желтоқсандағы N 370 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 10 қаңтарда N 10-8-166 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі N 236 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 30.04.2014 N 236 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабын басшылыққа ала отырып Сырдария аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕМІЗ** және Сырдария аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ**:

1. "Тереңөзек кенті шекарасын бекіту туралы" 2008 жылғы 22 қазандағы аудан әкімдігінің N 545 Қаулысына және аудандық мәслихаттың N 104 Шешіміне (Әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 28 қарашада мемлекеттік тіркеу N 10-8-76, "Тіршілік тынысы" газетінің 2008 жылғы 03 желтоқсандағы N 96 шығарылымында жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

Аталған қаулы мен шешімнің бірінші абзацындағы "жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н .**

2. Осы **БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ** және **ШЕШІМ** қолданысқа жарияланған күннен бастап енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Тауипбаев*

*Аудандық мәслихаттың кезектен*

*тыс XXXXIII сессиясының төрағасы*

*Р. Есенов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*А. Атақаб*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК